

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ  
ӘЛЕУМЕТТІК МИНИСТРЛІГІ



Оңтүстік Қазақстан  
Мемлекеттік Фармацевтика  
Академиясы

# ПРЕЗЕНТАЦИЯ

## АЛКОГОЛЬДІ ПСИХОЗ

Готовил: Сарсенов Н.А  
Кабылдаған: Нұрымбетов Р.К

Шымкент, 2016

# **Жоспар:**

1.Кіріспе

2.Негізгі бөлім:

- Эtiологиясы
- Патогенезi
- Клиникасы
- Психоздың түрлерi

3.Қорытынды


Пайдаланған әдебиеттер

# Kіріспе

Алкогольды психоздар – әртүрлі клиникалық көріністермен және психикалық бұзылыстармен алкоголизмнің II және III стадиясында дамитын ауру.. Соңғы жылдары созылмалы алкоголизмнің, алкогольді психоздардың даму дәрежесі өсуде. Алкогольді психоздардың дамуы алкоголь пайдаланылатын адамдардың арасында орташа алғанда 10% кездеседі.

# Этиологиясы

Алкогольды психоздың дамуы тікелей және оны ұзак қабылдағанынан емес, зат алмасудың бұзылысы мен өнімдерінің ыдырауы әсерінен болады. Кең таралған психоздарға –алкогольды делирии және галлюциноздар жатады. Әсер ететін себептерге жарақат, жедел инфекциялық ауру, жедел улану, соматикалық патологиялар, стресстер жатады. Қазіргі кезде негізгі рөл ойнайтын факторлар: эндогенді және экзогенді интоксикация, зат алмасу бұзылыстары, иммундық өзгерістер. Психоздар созылмалы алкоголизмнің 2-3 стадияларында гомеостаздың бұзылысымен дамиды.



# Патогенезі

Алкогольді қолданған кезде Орталық Жүйке Жүйесіндегі зат алмасу үрдісін бұзады. Алкоголь ГАМК жүйесінің қызметіне және N – метил-Д-аспарагин қышқылына әсер етеді. ГАМК – нейротрансмиттер, сыртқы сигналдарға нейронның сезімталдығын төмендетеді. Бір реттік қолданылған алкоголь ГАМК-рецепторының белсенділігін жоғарылатады, созылмалы алкогольді интоксикация сезімталдықтың төмендеуіне және Орталық Жүйке Жүйесіндегі ГАМК деңгейінің төмендеуіне әкеледі. Орталық Жүйке Жүйесіндегі негізгі қозушы нейротрансмиттерге – глутамат. Жүйке жүйесінің қозуына N – метил-Д-аспарагин қышқылының әсер етуі, тырыспаларға әкелуі мүмкін. Бір реттік қолданылған алкоголь N – метил-Д-аспарагин қышқылының рецепторының белсенділігін ингибирайді, ал этанолды жалпылай қолданғанда жоғарылайды.

Алкогольді

АС дофамин, эндорфин, серотонин, ацетилхолин алмасуына әсер етеді.


Осы классикалық нейромедиаторлардың алмасуындағы өзгерістер екіншілік немесе компенсаторлы көрініс береді. Дофамин ОЖЖ-інің моторлы қызметін координирлейді. Бір реттік қолданылған алкоголь дофамин жоғарылауына, ал созылмалы алкоголизм жасуша сыртылық дофамин тәмендеуіне әкеледі. Психоз дамыған науқаста дофамин концентрациясы 300 %-ке жеткен. Алкоголі делирийдің патогенезінде негізгі фактор зат алмасу және нейровегетативтік үрдістердің бұзылышы. Бауырдың бұзылышы детоксикация қызметінің бұзылуына, қандағы ақуыз фракциясының синтезінің тәмендеуіне әкеледі. Осының әсерінен ОЖЖ-ң токсикалық бұзылышы дамиды. Алкогольді энцефалопатияның патогенезі делирияға ұксас. Мұнда витамин алмасуының бұзылышы, негізгі В1, В6, РР витаминдерінің жеткіліксіздігі орын алады. Алкогольді галлюциноз және сандырақты психоз патогенезі белгісіз.

## **Клиникалық формасы**


- ✓ Клиникалық ағымына байланысты; жедел, созылсынқы, созылмалы психоздар.
- ✓ Психопатологиялық синдромдарына байланысты: делириозды, галлюцинаторлы, сандырақты, ж/е т.б.
- ✓ Типі бойынша: транзиторлы- бір ріт болатын; рецидивті-қайталанатын ж\е ремиссиядан кейін болатын; аралас-транзиторлы немесе рецидивті типтерінің созылмалы психикалық жағдайға айналуы; непреривным-жедел психикалық жағдай немесе өздігінен дамитын периодикалық созылмалы психоз.

# Түрлері

- Алкогольды делирий
- Алкогольды галлюциноз
- Алкогольды параноид
- Сандыракты алкогольды психоз
- Корсаков психозы
- Алкогольды псевдопаралич
- Алкогольды энцефалопатия
- Геморрагиялық полиэнцефалит
- Алкогольды депрессия
- Дипсомания
- Антабусты психоз



## АЛКОГОЛЬНЫЕ ПСИХОЗЫ



# **Алкогольді делирий**

Жедел металкогольді психоз алкоголге тәуелділіктің екінші, үшінші стадиясындағы науқастарда болады, делириозды синдром ж/е соматовегетативті, неврологиялық өзгерістермен қосарлану арқылы көрінеді.

Этиологиясы: ұзак уақыт ішімдік ішу, алкогол сурагаттарын қолдану, соматикалық айқын патология, бас миының органикалық бұзылышы.

Клиникасы: Алғаш делирий 7-10 жыл алкоголді қолданғаннан кейін туады. Алкоголді делирий әдетте, алкоголді абстинентті синдром жоғары шынына жеткенде дамиды, көбіне кешкі не түнгі уақытта. Делирийдің ерте көріністері: мазасыздық, бір орында отыра алмау, айқын тревога, тұрақты үйкесіздік.

Симпатаоадреналды жүйенің қозуында пайда болатын көріністер: тері жамылғысының бозаруы, жиі ісіну, тахикардия, АГ, гипергидроз, гипертермия. Вегетативті бұзылыстар: атаксия, бұлшықет гиперрефлексия, трепор. Су-электролит алмасуының бұзылысы: сузыздану, гиперазотемия, метаболи ттік ацидоз. Қан өзгерістері: лейкоцитоз, лейкоцитарлы формуланың солға ығысуы, ЭТЖ жоғарылауы, билирубин жоғарылауы.

Алкоголді делирийді интоксиация кезіндегі делириймен ажырата білу керек.

Алкоголді делирийдің бірнеше түрі бар.

Олар:

- Классикалық не типтік
- Арас
- Ауыр
- Типтік

# **Алкоголді галлюциноз**

Сандырақ ойлармен бірге жүретін алкоголге тәуелділігі бар адамдардағы вербальді галлюциноз.

Этиологиясы: ұзак жүйелі алкоголді интоксикация.

10-14жыл алкоголді қолданған адамдарда, әсіресе әйел адамдарда.

Патогенезі анықталмаған.

Клиникасы: жедел алкоголді галлюциноздың аффективті бұзылыстары мына түрде көрінеді: тревога, мазасыздық, корқыныш, үйқысының бұзылыстары, басқа дыбыстар, шулар, сөздер және фразалар галлюцинациясы болады. Көбіне науқастар дыбыстың шығу орнын анық біледі. Мысалы, коридордан не көрші бөлмeden, терезeden, және т.б.

Галлюцинация ұзак мазасыздық пен ойлаудың бұзылышымен бірге жүреді. Психикалық өзгерістер терең үйқыдан кейін жоғалып кетеді. Психоз дамуы жалғаса беретін болса вербальді галлюцинация пайда болады, онда оған екіншілік сандырақ қосылады.

Корқыныш, паникалық ұстамалар болады.

Алкоголді галлюцинозды шизофрения кезіндегі психозбен ажырата білу керек.

Алкоголді галлюциноздың жедел, атипті, аралас, жеделдеу, созылмалы түрлері бар.

## **Сандырақты алкогольді психоз**

Алкогольді параноид және жұбайлық сенбеушілік сандырағы жатады.

Алкогольді параноид – бұл жедел сандырақты психоз, аффективті қорқынышпен қосарлану арқылы жүреді.

Этиологиясы: созылмалы алкоголизм.

Клиникасы:

Алкогольді параноидты шизофрениядан ажыратамыз.

Абортивті, жедел, созылыңқы түрлері бар.

Абортивті алкоголді параноид ішімдікті шамадан көп қолданғанда, масайғанда дамиды. Бұл психоздың ұзактығы бірнеше сағатқа созылады. Жедел алкоголді параноид кезінде продромальді кезең 3-5 күнге созылады. Науқастарда абстинентті жағдай дамиды, көніл күйінің түсүі, үйқы және тәбеттің бұзылысы, вегетативті бұзылыс-тремор, жүрек соғысы, кешкі және тұнгі уақыттарда күшнейеді. Созылыңқы алкоголді параноид сандырақ және қорқыныш аффектісімен жүреді.

Күдіктенушілік, сенбеушілік болады. Бұл психоздың ұзактығы бірнеше айға созылады.

Алкогольді қызғану сандырағы –алкогольді сандыракты психоздың созылмалы түрі. Ер адамдарда көп кездеседі.

Этиология: ұзақ алкогольге тәуелділік.

Клиникасы: психоздың дамуы біртіндеп, сатытәрізді болады. Алғашқыда психикалық бұзылыстарға байланысты эмоциональды жағдайлар, сенбеушілік әсерінен қызғаныш сезімі туындейды. Жалпы соматикалық және неврологиялық өзгерістер жоғарылайды, жыныс қызметі төмендейді, жоғары тітіркенгіштік және күдіктенушілік болады. Эмоционалды өзгерістер мына түрде болады: тревога, жоғары қозғыштық, аффективті бұзылыстың дамуына байланысты қызғаныш пайда болады.

# Корсаков психозы

Корсаков психозы (болезнь Корсакова) – бұл әртүрлі алкогол суррагаттарын ұзак уақыт шамадан тыс қолданғанда дамитын ауру (неочищенный спирт-сырец, самогон и т.п.). Корсаков психозы алкоголизмнің соңғы стадиясында дамиды.

Бұл аурадың негізгі психикалық көрінісі есте сақтау қабілетінің бұзылуымен сипатталады. Есте сақтау анық бұзылады. Науқас тіпті қазір болып жатқан жағдайларды аңғармайды, сол мезетте болып жатқан жағдайлар жайлы сұраса білмейді. Дәрігер немесе медбикемен сәлемдескенін ұмытып қайталап амандаса береді не болмаса палата кіріп шыға береді. Әңгімелесіп отырғанда бір рет сұрағанын қайталап сұрай береді не болмаса бір айтқанын қайталап айта береді.

Корсаковский психозы – алкогольдік салдану немесе соылмалы энцефалопатия.

Науқас оқиғалардың болу мерзімін шатастырады. Мысалы бірнеше апта ауруханадан шықпаған науқас кеше баққа барып гүл отырғыздым, жер қаздым деп айтуы мүмкін.

Төменгі бөліктердің невриттері байқалады. Аяқ нервтерінің закымдалуының дәрежесі әртүрлә болуы мүмкін. Жүрісінің шамалы өзгерісінен, өздігінен мұлде жүре алмай қалуға дейін.

Сауығу психоздың бастағанынан 1 жыл ішінде жүреді. Ең жиі асқынуы ретінде ақылдының азауы байқалады. Өлім бас миына қан құйылулардан болады.

# АЛКОГОЛЬДЫ ЭНЦЕФАЛОПАТИЯ

Алкогольдік Энцефалопатиялар - Алкоголизмнің З-сатысында дамитын психикалық бұзылыстардың жалпы атауы. Энцефалопатиялар кезінде психикалық бұзылыстар ішкі ағзалар қызметінің өзгерісімен, жүйкенің зақымдалуымен қатар жүреді. Жиі ер адамдар шалдығады. Жиі Әкелетін себеп психоз

## Вернике энцефалопатиясы

Көбіне ес аудиосудан кейін дамиды. Науқаста үйқышылдық, галлюцинация, бір – бірімен байланыссыз сөздер, аз уақытқа козғалыссыз қалу байқалады. Физикалық белсенділік тез төмендеп, тәбет жоғалады, науқас қозғалмай қалады. Бірнеше күннен соң есі бұзылады, кома дамуы мүмкін.

Вернике энцефалопатиясының басынан бастап  
полиневрит,аяқ – қолдың еріксіз  
қимылдауы,тырысу ұстамалары  
байқалады.Науқастар жүдеу өнді,бетінің түсі  
топырақ тәрізді не сарғыш.Беті ісінген.Терісі  
құрғақ.Аяқ – қолдары көгерген,ісінген,ұлкен  
көлемде некротикалық аймақтар  
қалыптасады.Дене температурасының көтерілуі  
болжамының нашарлығын көрсетеді. АҚҚ  
төмен,жиі естен танулар.Жиі ұлкен дәретінің  
сүйилүү байқалады.Өлім психоз басталғанан  
кейін 2-аптасың соңында дамиды.Өлімге  
әкелмейтін психоз 3-6 аптаға созылады.  
Болжамдары: Корсаковский психозына ауысуы  
мүмкін.

# АЛКОГОЛЬДЫ ДЕПРЕССИЯ

Алкогольная депрессия сирек кездесетін ауру. Бірнеше күннен бірнеше аптаға созылады. Депрессия тітіркенгіштікпен, сандыракты жала жабумен, тоскамен сипатталады. Науқастар жанжағындағы адамдарды, әсіресе жақындарына жала жабуа береді, барлық кінәні туыстарынан іздейді. Тәуліктік көңіл-күйдің өзгерістерімен болады. Депрессия дисфориямен, тревогамен, жылауықтықпен бірге көрінеді. Науқастарда жиі жәнетұракты суицидті ойлар туындайды.

# ДИПСОМАНИЯ

Дипсомания — маниакальды-депрессивті психозы бар, эпилепсиямен ауыратын, эндокринді психосиндромы бар, психопатиялық адамдарда кенет шамадан тыс алкоголь қолданған кезде болуы мүмкін. 2-3 апта шамадан тыс алкогольді тоқтатпай қолдану әсерінен алкогольге деген жиіркеніш пайда болуы мүмкін.

Ұстама үйқының бұзылсысымен, әртүрлі организм өзгерістерімен қатар жүруеді. Алкогольдің кең спектрлі өте жоғары дозасын қолдану – жоғары мас болуға әкеледі.

# АНТАБУСТЫ ПСИХОЗ

Антабусты психоз — тетураммен алкоголизмді емдеу кезіндегі ауыр асқыныстар. (тетурам, немесе дисульфирам, антабус — дәрілік зат, 1958жылдан бері алкогольді емдеу мақсатында қолданылады). Препараттың жоғары дозасын қолдану, ОЖЖ-нің сезімталдығының тетурамға жоғарылауы, интоксикация созылмалы алкогольді немесе бас —ми жарақатынан кейін пайда болатын психоз.



## Корытынды

Алкогольді психоздың болжамы алкогольді қолдану формасына және факторларға байланысты. Ол факторларға тұқымқуалаушылық, преморбидті жағдай, экзогенді зияндыштықтар, соматикалық және неврологиялық аурулардың қосарласуы жатады. Алкоголді делирийде дұрыс емделмеген жағдайда өліммен аяқталуы мүмкін. Летальді исход 1-2%. Алкоголді энцефалопатиядан өлім деңгейі 30-70%.

# Пайдаланған әдебиеттер:

- ❖ google.ru
- ❖ Н.Н.Иванца, И.П.Анохин,  
М.А.Винников.Наркология – Москва, 2008
- ❖ И.Н.Пятницкая. Наркология –  
Москва.Медицина, 2008
- ❖ Бабаян Э. А., Гонопольский М.Х.  
Наркология – Москва: Медицина, 1987

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!**